

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

Бұйрық

Ақтөбе қаласы

№ 12

09.01.2024 .ж

Бұйырамын:

1. МКҚК №8 «Балбөбек » мектепке дейінгі ұйымында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы келесі тізімде бекітілсін:

Төрайымы:

1.1. Алпысбаева С.А. -№8 «Балбөбек» МДҰ-ның зейнеткері

Кеңес мүшелері:

1.2. ҚББ-нің бекітілген қызметкері

1.3. Сарлыбаева М.Т.- №8 «Балбөбек» МДҰ-ның зейнеткері

1.4. Даулеталина А.А.- №8 «Балбөбек» МДҰ-ның тәрбиеші

1.5.. Сүленова А.Ә -МДҰ-ның психологі

1.6. Сүленова А.К.-б/б-ның тәрбиешісі

2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы психологі Сүленова А.Ә тағайындалсын.

№8 «Балбөбек» МДҰ меңгерушісі М.А.



Абдуллина Н.Т.

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

2024 жылға АРНАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйым педагогтері арасында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру, педагогтердің кәсіби жауапкершілігін арттыру, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынасты қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау;
- педагогтердің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігін арттыру;
- тәрбиеленушілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- ата-аналармен дұрыс әрі мәдениетті қарым-қатынас орнату;
- педагогтер арасында өзара сыйластық пен ынтымақтастықты қалыптастыру;
- педагогикалық әдеп талаптарының бұзылуының алдын алу.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	1. Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауы. 2. Педагог пен тәрбиеленуші арасындағы қарым-қатынас мәдениеті.	Қаңтар	Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты
2	1. Педагогтердің ата-аналармен қарым-қатынас әдебі. 3. Ата-аналармен тиімді және мәдениетті байланыс орнату.	Ақпан	Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты
3	1. Педагогтердің әріптестерімен кәсіби қарым-қатынас әдебі. 2. Ұжымдағы өзара сыйластық пен ынтымақтастық. 3. Педагогикалық әдеп талаптарын күнделікті қызметте сақтау.	Қыркүйек	Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты
4	1. Оқу жылының қорытынды кезеңіндегі педагогикалық әдеп талаптарын сақтау. 2. Педагогтердің тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынасы. 3. Педагогикалық әдеп бойынша атқарылған жұмыстарды қорытындылау.	Қыркүйек	Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №1

Күні: «9» қаңтар 2024жыл

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері

Қатыспағандар:0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауы.
2. Педагог пен тәрбиеленуші арасындағы қарым-қатынас мәдениеті.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша -Алпысбаева С.А. -педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау, қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен орындау және әріптестермен өзара сыйластық қарым-қатынаста болу мәселелері қаралды.

Педагогтерге тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, дөрекі сөздер мен жағымсыз қарым-қатынасқа жол бермеу қажеттілігі түсіндірілді.


Сөйледі

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі Сүленова А.К Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты маман педагогтердің жұмыс барысында сабырлылық, ізеттілік, жауапкершілік және мәдениеттілік қағидаларын ұстануы қажеттігін атап өтті.


ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтер педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын.
2. Тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста ізгілік пен сыйластық қағидалары басшылыққа алынсын.
3. Әріптестер арасында өзара құрмет пен түсіністік сақталсын.
4. Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуы тұрақты бақылауда болсын.

Педагогикалық әдеп жөніндегі төрайымы:



Хатшы:



№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ
№2

Күні: «14» ақпан 2024 жыл

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтердің ата-аналармен қарым-қатынас әдебі.
2. Ата аналармен тиімді және мәдениетті байланыс орнату.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты Педагогтердің тәрбиеленушілердің ата-аналарымен қарым-қатынас жасау мәдениеті туралы мәселе қаралды. Ата-аналармен сөйлесу кезінде сыпайылық сақтау, олардың пікірін құрметтеу, тәрбиеленуші туралы ақпаратты дұрыс әрі әдепті түрде жеткізу қажеттілігі айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі Есполова Ж.А. Педагогтер ата-аналармен өзара түсіністік пен сенімге негізделген қарым-қатынас орнату маңызды екенін атап өтті. Кез келген мәселені сабырлы түрде талқылау қажеттілігі айтылды Педагогтерге тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, дөрекі сөздер мен жағымсыз қарым-қатынасқа жол бермеу қажеттілігі түсіндірілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормалары сақталсын.
2. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлеріне құрметпен қаралсын.
3. Тәрбиеленушіге қатысты мәселелер ата-анамен жеке және мәдениетті түрде талқылансын.

Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты: _____

Хатшы: _____

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ

ХАТТАМАСЫ №3

Күні: «10» қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтердің әріптестерімен кәсіби қарым-қатынас әдебі.
2. Ұжымдағы өзара сыйластық пен ынтымақтастық.
3. Педагогикалық әдеп талаптарын күнделікті қызметте сақтау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты Алпысбаева С.А.- Педагогтердің өзара қарым-қатынасы, ұжымдағы психологиялық ахуал және кәсіби әдеп нормаларын сақтау мәселелері қаралды. Әр педагог әріптесінің кәсіби пікірін құрметтеуі, қызметтік мәселелерді өзара түсіністікпен шешуі және ұжымдық жұмысқа жауапкершілікпен қатысуы қажеттігі айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Мектепке дейінгі ұйым психологі Сүленова А.К. Ұжым мүшелері өзара қолдау көрсету, тәжірибе алмасу және туындаған мәселелерді бірлесіп шешу жұмыстың сапасын арттыратынын атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ұжым мүшелері арасында өзара сыйластық пен әдептілік сақталсын.
2. Әріптестердің ар-намысына нұқсан келтіретін сөздер мен әрекеттерге жол берілмесін.
3. Қызметтік мәселелер өзара түсіністік негізінде шешілсін.
4. Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Педагогикалық әдеп жөніндегі төрайымы: _____

Хатшы: _____

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ
№4

Күні: «10» желтоқсан 2024 жыл

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқу жылының қорытынды кезеңіндегі педагогикалық әдеп талаптарын сақтау.
2. Педагогтердің тәрбиеленушілермен ата-аналармен қарым-қатынасы.
3. Жұмысты қорыту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты Алпысбаева С.А Оқу жылының қорытынды кезеңінде педагогикалық әдеп талаптарын сақтау мәселесі қаралды. Педагогтерге тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста мейірімділік, сабырлылық, жауапкершілік таныту және әр баланың жеке ерекшелігін ескеру қажеттігі ескертілді. Сонымен қатар ата-аналармен өзара сенімге негізделген қарым-қатынасты жалғастыру, туындаған мәселелерді әдеп нормаларына сәйкес шешу қажеттігі айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Мектепке дейінгі ұйым әдіскері Абдуллина Н.Т. Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты маман жыл бойы педагогтердің әдеп нормаларын сақтау бағытында жүргізілген жұмыстарға тоқталып, алдағы уақытта да кәсіби мәдениетті арттыру қажеттігін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі жылдық жұмыстар қорытындыланып, келесі оқу жылында жалғастырылсын.
2. Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын

Педагогикалық әдеп жөніндегі төрайымы: _____

Хатшы: _____